

«Қазақстанның несие жүйесі: мәселелері және қазіргі кезеңде даму болашағы»

**Орындаған: Сәулетова С.Б.
Ғылыми жетекші: э.ғ.к., доцент
Мадыханова Қ.А.**

Дипломдық жұмыстың өзектілігі: Нарықтық экономикада несие-банк жүйесі маңызды рөл атқарады. Ол арқылы кәсіпорындардың, ұйымдардың және халықтың ақшалай есеп айырысулар мен төлемдері жүргізіледі, ол уақытша бос ақшалай қаражаттарды, халықтың жинақтары мен табыстарын жұмылдырады және оны экономикада белсенді түрде жұмыс жасайтын капиталға айналдырады

Дипломдық жұмыстың негізгі мақсаты:
Қазақстанның несие жүйесінің мәселелерін айқындап және қазіргі кезеңдегі даму болашағын қарастыру.

Дипломдық жұмыстың зерттеу объектісі - «АТФ Банк» АҚ несие жүйесінің дамуы.



АТФ Банк


Қазақстанда қазіргі таңда үш деңгейлі несие жүйесі құрылып жатыр:

1. 1 деңгей – коммерциялық банктер.
2. 2 деңгей - мамандандырылған қаржы – несие мекемелері.
3. 3 деңгей - шағын - несие мекемелер.


Банк жүйесі бойынша жиынтық сұраныстың/ұсыныстың өзгеру индексі, %

Көрсеткіштің атауы		2014		2015		2016	
		1 ж.ж.	2 ж.ж.	1 ж.ж.	2 ж.ж.	1 ж.ж.	2 ж.ж.
1	2	3	4	5	6	7	8
2	Кредиттерге сұраныстың өзгеру индексі	13,1%	28,4%	25,6%	-0,4%	13,8%	11,6%
3	Кредиттерге ұсыныстың өзгеру индексі	20,6%	4,2%	17,5%	-2,4%	-8,4%	2,9%

Кредиттеудің орташа алынған мөлшерлемелері, жылдық %




Жылдар бойынша валюта балансы, (млн. теңге)




«АТФ Банк» АҚ -ның 2014–2016 жылдардағы ROA және ROE пайдалылық көрсеткіштері

Көрсеткіш	2014	2015	2016
Активтердің пайдалылық көрсеткіші, ROA, %	35%	0,31%	0,15%
Меншікті капиталдың пайдалылық көрсеткіші, ROE, %	4,41%	4,60%	2,19%


«АТФ Банк» АҚ-тың валюта бойынша тартылған ресурстары (заңды тұлғалар бойынша)



2016 жылдағы ШОБ қаржы қоржынының өсу динамикасы, млн. теңге



Қарыз қоржынының құрылымы



Несие жүйесінің екі ұғымы
қарастырылады:

1. Несие байланыс жиынтығы, несиенің түрлері мен әдістері (функционалды түрі).
2. Еркін ақшалай қаржыны жинап, оларды несиеге беруге ұсынатын несие – қаржы мекемелерінің жиынтығы (институционалды түрі).



«АТФ Банк» АҚ-ның несие жүйесін жетілдіру

«АТФ Банк» АҚ-ның алдағы жылдарға арналған даму жоспары келесідей болып табылады:

1. Шағын және орта бизнесті қаржыландыру көлемін өзінің несиелеу бағдарламасының шеңберіне де, сондай-ақ халықаралық қаржы институттарының қаржыларын тарту арқылы да ұлғайту.
2. Сауданы қаржыландыруды тарихи түрде қалыптасқан тиімді өнімдер бағытында дамыту.
3. Жаңа қарыз нарығын және банктің географиясын кеңейту мақсатында ҚР тыс жерлерден халықаралық серіктестік қарым-қатынастарын жетілдіру.
4. WAP(ыңғайлы) банкинг және интернет-банкинг сияқты қазіргі заманға сай алыстан банктік қызмет көрсету жүйесін енгізу.
5. Қазақстан бойынша филиал жүйесін дамыту.

«АТФ Банк» АҚ-ның қызметін зерттей келе, өзімнің атымнан келесіні ұсынамын:

1. Банктің пассив бөлігінің көбін құрайтын депозиттік операцияларды жетілдіру қажет. Депозиттер туралы ақпараттың таратылу жолы нашар. Демек, потенциалды салымшылар өз қаражаттарын басқа банктерге салуда, оның басты себебі банктік маркетингтік қызметінің онша жақсы дамымағандығынан. Қазіргі кезде жарнама тауар мен қызмет өткізудің ең тиімді әдісі, сондықтан да банк біріншіден өзі көрсететін қызмет түрлерін БАҚ, газет, журнал, банерлер арқылы жүргізу қажет деп ойлаймын.
2. «АТФ Банк» АҚ филиалының Жамбыл облысы бойынша есептеу-кассалық орталықтарын ашу. Бұл шараның көмегімен аймақтағы есеп айырысу көлемін ұлғайтып қана қоймай, сонымен қатар банк қызметінің секторын кеңейтуге болады. Оның нәтижесінде Банк таза пайданы ұлғайтудың тағы бір жолына ие болады.

Банктің дамуы үшін мынадай бағыттарды қарастырамыз:

1. Клиенттік базаның белсенді дамуы;
2. Клиенттермен әріптестік қарым-қатынастардың дамуы;
3. Клиенттерге қызмет көрсету технологиясын жүзеге асыру және жүйені автоматизациялау;
4. VIP деңгейі бойынша қызмет көрсету кешенін ұсыну;
5. Жаңа қызмет түрлерін енгізу.

Егер банк клиенттің несиелік қабілетіне неғұрлым терең талдау жасаса, банктің несиелік портфелінің сапасы соғұрлым жоғары болады.

Әдетте клиенттің несиелік қабілетін анықтаудың келесідей үш түрлі маңызы бар:


1. Несиелік тәуекелді мейлінше азайту.
2. Несиелік портфелдің сапасын белгілі бір деңгейде ұстау.
3. Банк өзінің өтімділігін демеп отыру.

Бүгінгі таңда «АТФБанк» АҚ күшті Альянс банктерінің бірі болуда. Содықтан, нарықта жүргізілген операциялар бойынша бәсекелестік мүмкіндіктерді тиімді қолдану үшін Альянс банктер арасында ақпаратпен алмасу жүйесін құру өте қажет болғаны анықталды. Яғни, осы тапсырманы орындау үшін арнайы жаңа қамсыздандырылған программасын құру керек. Бұлар:

- аударым жасаудың максималды жылдамдығы;
- жақты бақылау функциясын орындау кезіндегі ақпараттарды автоматты түрде өңдеу;
- бір клиентке қызмет көрсету уақытын төмендету;
- банк кореспонденттерге аударым жасау үрдісін максималды жеңілдету.

2017 жылы жаңа жүйелер жоспарлануда:

- аударманы іске асыру кезінде барлық бухгалтерлік жазуларды автоматтандыру;
- филиалдық желілерді кеңейту жоспарымен банктегі есеп – касса бөлімімен жұмысты жөндеу;
- жүйеге ұлттық валютада банк ішіндегі аударымдарды енгізу.



Қызмет көрсетудің сапасын жоғарлату, клиентпен сенімді диалог құру мақсатында банк менеджерлер ұсынады. Олар қаржылық іскерлік әріптестіктер табуға жәрдемдеседі, кеңестер, консультация және әр түрлі қаржылық құралдарды пайдалану бойынша нұсқаулар береді. Осының салдарынан клиенттердің шоттарын ашу жөнінде қызмет көрсету есебінен комиссияндық кірістерді ұлғайтуға болады.

Қорытынды

Халықты несиелеу халықтың өмір деңгейін арттыруға бағытталған мемлекеттік несие саясатының маңызды бөлігі болып табылады. Қазіргі екінші деңгейлі банктер қаржы делдалы ретінде ақша капиталын салааралық және аймақаралық қайта бөлуді қамтамасыз етіп, маңызды халық шаруашылық қызмет атқарады. Капиталды салалар мен жүйелерге бөлу және қайта бөлудің банктік механизмі өндірістің объективтік қажеттілігіне байланысты шаруашылықты дамытуға және экономиканың құрылымын өзгертуге мүмкіндік туғызады.



Назарларыңызға рақмет!